

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» коммерциялық
емес акционерлік қоғамы

Автоматика және ақпараттық технологиялар институты

Электроника, телекоммуникация және ғарыштық технологиялар кафедрасы

Кенес Жансая Нұрғалиқызы

«4G мобильді сигналын басатын құрылғыны әзірлеу»

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

6B07112 – «Electronic and Electrical Engineering» білім беру бағдарламасы

Алматы 2023

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Автоматика және ақпараттық технологиялар институты

Электроника, телекоммуникация және ғарыштық технологиялар кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ
Кафедра меңгерушісі
Е. Таштаған
«03» 06 2023 ж.

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

Тақырыбы «4G мобильді сигналын басатын құрылғыны әзірлеу»


6B07104 – «Electronic and Electrical Engineering» білім беру бағдарламасы

Орындаған:



Ж.Н.Кенес


Пікір беруші
Халықаралық ІТ т.ғ.к., м.о.
қауымдастырылған профессоры



Л.Б. Илипбаева

«1» 06 2023 ж.

Ғылыми жетекші
ҚазҰТЗУ, т.ғ.м., Электроника,
телекоммуникация және ғарыштық
технологиялар кафедрасының
аға оқытушысы



Д.Ж. Утебаева

«1» 06 2023 ж.

Алматы 2023

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Автоматика және ақпараттық технологиялар институты

Электроника, телекоммуникация және ғарыш технологиялар кафедрасы

6B07104 – «Electronic and Electrical Engineering» білім беру бағдарламасы



**Дипломдық жұмыс орындауға
ТАПСЫРМА**

Білім алушы Кеңес Жансая Нұрғалиқызы

Тақырыбы «4G мобильді сигналын басатын құрылғыны әзірлеу».

Университет ректорының «23» қараша 2022ж. №_408П/Ө_бұйрығымен бекітілген.

Аяқталған жұмысты тапсыру мерізімі «26» сәуір 2023ж.

Жұмыстың бастапқы мәліметтері: 4G сигналы, Multisim бағдарламалық жасақтамасы

Дипломдық жұмыста қарастырылатын мәселелер тізімі:

1. Мобильді сигналдар және олардың диапазондары
2. 4G мобильді сигналдары
3. 4G мобильді сигналдарын басатын құрылғысын өңдеу үлгісі
4. 4G мобильді сигналдарын басатын құрылғынын қолдану аясы

Ұсынылатын негізгі әдебиет:

1. Abdalhadhi, Ahmed Abdulhadhi Ahmed. Cellphone Jammer Circuit Design And Implementaton. Diss. university of khartoum, 2017.
2. A. A. Bodkhe and A. R. Raut, "Identifying Jammers in Wireless Sensor Network with an Approach to Defend Reactive Jammer," 2014 Fourth International Conference on Communication Systems and Network Technologies, 2014, pp. 89-92, doi: 10.1109/CSNT.2014.26.
3. D. K. Rameshababu, "Design & Implementation of Mobile Jammer with Prescheduled Time Duration", International Journal of Advanced Research in Computer and Communication Engineering Ethiopia, vol. 7, no. 6, pp. 40-46, 2018.
4. Madara, Diana Starovoytova, Edwin Ataro, and Simiyu Sitati. "Design and testing of a mobile-phone-jammer." Innovative systems design and engineering 7.7 (2016): 7-18




Дипломдық жұмысты (жобаны) дайындау

КЕСТЕСІ

| Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі | Ғылыми жетекшіге және кеңесшілерге көрсету мерізімі | Ескерту |
|---|---|-----------|
| Мобильді сигналдар және олардың диапазондары, 4G мобильді сигналдарына анализ жасау және қолдану аясы туралы ақпараттарды жинақтау. | 07.02.2023 | Орындалды |
| «4G мобильді сигналын басатын құрылғысының моделін бағдарлау. | 20.03.2023 | Орындалды |
| «4G мобильді сигналын басатын құрылғының моделін бағдарламада қуат көзіне қосу арқылы тексеру. | 26.04.2023 | Орындалды |

Дипломдық жұмыс (жоба) бөлімдерінің кеңесшілері мен норма бақылаушының аяқталған жұмысқа(жобаға) қойған

қолтаңбалары

| Бөлімдер атауы | Кеңесшілер (аты, әкесінің аты, тегі, ғылыми дәрежесі, атағы) | Қол қойылған күні | Қолы |
|-----------------------------------|---|-------------------|---|
| Диплом жұмысының тақырыбын талдау | Утебаева Д.Ж. ЭТЖҒТ каф.аға оқытушысы, т.ғ.м. | 10.02.2023 |  |
| Теориялық ақпарат | Утебаева Д.Ж. ЭТЖҒТ каф.аға оқытушысы, т.ғ.м. | 20.03.2023 |  |
| Норма бақылау | Базарбай А.М. ЭТЖҒТ каф ассистенті, техника ғылымдарының магистрі | 02.06.2023 |  |

Ғылыми жетеші

Тапсырманы орындауға алған білім алушы



Утебаева Д.Ж.

Кенес Ж.Н.

Күні « 22 » қараша 2022ж.

АНДАТПА

4G желілерінің жылдам таралуы және жылдамдығы жоғары мобильді деректер қызметтеріне тәуелділіктің артуы, бұл сигналдарды дұрыс пайдаланбау немесе кедергілердің пайда болуына алып келді. Нәтижесінде, қажетсіз сигнал кедергілерінің алдын алу мақсатында сигнал басқыш құрылғылар жасалына бастады.

Бұл жұмыс ғылыми зерттеу мақсатында берілген белгілі бір диапазондағы 4G ұялы сигналдарын өшіруге қабілетті сигнал басқыштың функционалды схемасын модельдеу үшін ұсынылды. Мобильді сигналды басу құрылғыларын жобалау және әзірлеу әртүрлі факторларды, соның ішінде жиілік диапазонын, сигнал деңгейін, қуат тұтынуды және кедергі ауқымын мұқият есепке алуды талап етті. Зерттеу жұмысы барысында мобильді сигналды басу құрылғылардың схемасын модельдеу үшін Multisim бағдарламалық құралын қолданудың орынды және тиімді екенін көрсетті. Multisim бағдарламалық құралы параметрлерді реттеуге және генератор тізбегін анықтауды жеңілдетеді. Ұсынылып отырған жұмыс қауіпсіз және сенімді байланыс жүйелерін ілгерілетуге ықпал ете отырып, мобильді сигналдарды өшіру саласындағы қосымша зерттеулер мен әзірлемелерге негіз болады.

АННОТАЦИЯ

Быстрое распространение сетей 4G и растущая зависимость от высокоскоростных мобильных служб передачи данных, что привело к неправильному использованию сигналов или появлению помех. В результате стали разрабатываться сигнальные подавители с целью предотвращения нежелательных помех сигнала.

Этот проект был предложен для моделирования функциональной схемы сигнального подавителя, способного отключать сотовые сигналы 4G в определенном диапазоне, заданном для научных исследований. Проектирование и разработка мобильных устройств подавления сигналов требовали тщательного учета различных факторов, включая частотный диапазон, уровень сигнала, энергопотребление и диапазон помех. В ходе исследовательской работы подавление мобильного сигнала показало целесообразность и эффективность использования программного обеспечения Multisim для моделирования схем устройств. Программное обеспечение Multisim упрощает настройку параметров и определение схемы генератора. Предлагаемый проект станет основой для дальнейших исследований и разработок в области отключения мобильных сигналов, способствуя продвижению безопасных и надежных систем связи.

ANNOTATION

The rapid spread of 4G networks and increased dependence on high-speed mobile data services, which led to the appearance of misuse of signals or interference. As a result, signal suppression devices began to be developed in order to prevent unnecessary signal interference.

This project was proposed for scientific research purposes to simulate a functional circuit of a signal suppressor capable of disabling 4G cellular signals in a given range. The design and development of mobile signal suppression devices required careful accounting of various factors, including frequency range, signal level, power consumption, and interference range. In the course of research work, mobile signal suppression showed that it is reasonable and effective to use Multisim software to model the circuit of devices. Multisim software makes it easy to adjust settings and identify the generator circuit. The proposed project will serve as the basis for additional research and development in the field of disabling mobile signals, contributing to the promotion of secure and reliable communication systems.

МАЗМҰНЫ

| | |
|--|----|
| Кіріспе | 7 |
| 1 Мобильді байланыс жүйесі | 8 |
| 1.1 Мобильді сигналдар және олардың диапазондары | 8 |
| 1.2 4G байланыс технологиясының дамуы. LTE желілері | 12 |
| 1.3 4G сигналдарының артықшылықтары | 15 |
| 2 Сигнал басқыш құрылғылар | 18 |
| 2.1 Телекоммуникациялық сигналды басатын құрылғыларды талдау | 18 |
| 2.2 Сигнал басқыш құралдардың диапазондары және қолдану аясы | 22 |
| 3 Бағдарламалық жасақтама арқылы құрылғыны модельдеу | 24 |
| 3.1 4G мобильді сигналдарын басатын құрылғының өңдеу үлгісі | 24 |
| 3.2 Multisim бағдарламасында 4G сигналды басқышты жобалау | 26 |
| 3.3 Сигнал басқыш құрылғысының негізгі компоненттері | 27 |
| 4 4G мобильді сигналдарын басатын құрылғыны қолдану | 32 |
| 4.1 4G мобильді сигналдарын басатын құрылғының қолдану аясы | 32 |
| Қорытынды | 35 |
| Пайдаланылған әдебиеттер тізімі | 36 |

КІРІСПЕ

Қазіргі уақытта ұялы байланыс технологиясының дамуымен төртінші буын (4G) желілері бүкіл әлемде кең таралып жатыр. Себебі, бұл технология жоғары жылдамдықты интернетке қол жеткізуді қамтамасыз етеді. Ғалымдардың зерттеуі бойынша 2025 жылы ұялы байланыс құрылғысын қолданушылар саны 18,22 миллиардқа жетеді деп жорамал жасап жатыр. Бұл көрсеткішті 2020 жылмен салыстырғанда құрылғылар саны 4,2 миллиардқа артып отыр [1]. Ұялы телефон құрылғысын қолданушылардың артуына байланысты, байланыс технологиясының тағы бір буынының дамуына алып келеді. Бұл байланыс түрлерінің өте қарқынды дамып келе жатқанын білдіргенімен, кейбір ұялы желі қолданушылар кері мақсатта пайдаланып отыр. Мысалыға алатын болсақ хакерлер, заңсыз шабуылдар және заңсыз деректерді ұрлау т.б. жағдайларды келтіруге болады. Бұндай келеңсіз жағдайларда сигналды басатын құрылғылар заңсыз әрекеттерден қорғайды [2]. Айта кету керек, сигналды тарату мүмкіндіктері неғұрлым кең болған сайын, оны өшіруге қабілетті құрылғылар соғұрлым көп дамиды. Сигналды басатын құрылғылар - бұл ұялы телефондардың базалық станциялардан сигнал қабылдауын болдырмау үшін қолданылады. Бұл құрылғылар сыртқы факторларға сай жұмыс жасайды, яғни әр түрлі жиіліктерге қарай әрекет етеді. Сондықтан жобаның мақсаты-адамдарды заңсыз әрекеттерден қорғау және қоршаған ортадағы электромагниттік ластануды азайту үшін 4G сигналдарын басатын құрылғыны жобалау.

Бұл дипломдық жобада Multisim бағдарламасы арқылы 4G сигналын басқышты жобалау ұсынылды. Әзірленген жобаның арқасында оның адамға тиімділігін бағалауға болады. Multisim бағдарламасы 4G сигналын басқышты жасау үшін қолданылатын схеманы және бағдарламалық жасақтама компоненттерінің сипаттамасын ұсынады. Сондай-ақ, сигналды өшіру алгоритмі әзірленеді және оның тиімділігін қолданыстағы шешімдермен салыстыру жүргізіледі.

1 Мобильді байланыс жүйесі

1.1 Мобильді сигналдар және олардың диапазоны

Қазіргі таңда ұялы байланыс технологияларын пайдалану коэффициенті күн сайын өсіп жатыр. Себебі, күнделікті өмірде байланыс желілері кең таралған жоғары технологияларға айналды. Алайда осы технологияны іс жүзінде қолданудың артуына байланысты адамдар жиі кездесетін әртүрлі мәселелерге тап болып жатыр. Сол себепті, тиісті зерттеушілер технологияны жаңарту процесін, олардың принциптерін, қолданылу аясы және даму бағыттарын сараптай отырып, ұялы байланыс технологиясының сапасы мен тиімділігінің жақсаруын қамтамасыз ету үшін зерттеулер жүргізіп жатыр.

Мобильді сигналдар – бұл базалық станциялар мен мобильді құрылғылар арасындағы байланыс үшін қолданылатын электромагниттік толқындар болып саналады. Бұл сигналдар сымсыз байланыс пен қосылымды қамтамасыз ете отырып, дауысты, деректерді және басқа ақпаратты жібереді. Мобильді сигнал диапазонының түсіну сенімді қамту мен тиімді байланысты қамтамасыз ету мақсатында өте маңызды рөл атқарады. Бұл сигналдардың диапазоны сигналдың жіберілуі мүмкін максималды қашықтықты білдіреді. Сонымен бірге мобильді құрылғы немесе базалық станция анықтап, декодтау үшін жеткілікті қуатты сақтайды. Осыған сай мобильді сигнал диапазоны бірқатар параметрлерге байланысты өзгереді. Оның ішінде сигнал жиілігі, таратқыштың қуаты, кедергілерге байланысты және қабылдағыштың сезімталдығы болуы мүмкін.

Мобильді сигналдар технологиясы әрбір елдің стандарты бойынша өзгертін белгілі бір жиілік диапазонында жұмыс істейді. Бұл диапазондар радиожиілік спектрін тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді. Сол себепті сымсыз қызметтер арасындағы кедергілерді азайту үшін арнайы реттегіштермен жабдықталады.

Мобильді сигналдарға арналған жиілік диапазонының жалпы келесі санаттарға бөлуге болады:

- Төмен жиілікті диапазондар. Бұл диапазондар әдетте бірнеше ондаған килогерцтен (кГц) бірнеше мегагерцке (МГц) дейін болады. Олар негізінен ұялы байланыстың алғашқы буындарында кең таралған AMPS (жетілдірілген ұялы байланыс жүйесі) және TACS (толық қол жетімді байланыс жүйесі) сияқты ескі аналогтық технологиялар үшін қолданылады.

- Орташа жиілікті диапазондар. Бұл диапазон бірнеше жүз мегагерц (МГц) диапазонында және GSM (Ғаламдық ұялы байланыс жүйесі) және CDMA (кодты бөлетін бірнеше қол жетімділік) сияқты технологияларды қамтиды.

- Жоғары жиілікті диапазондар. Бұл диапазондар бірнеше гигагерц (ГГц) диапазонында қамтиды. Олар негізінен UMTS (эмбебап ұялы байланыс жүйесі), LTE (ұзақ мерзімді даму) және 5G (бесінші буын) желілері сияқты жаңа технологиялармен қолданылады. Бұл диапазондарға 2100 МГц UMTS,

700 МГц LTE, 800 МГц, 1800 МГц және 2600 МГц және 5G буынының диапазондары кіреді[24].

Бүгінгі таңда ұялы байланыс технологияларының дамуы бес буыннан тұрады. Радиобайланыс технологияларының даму кезеңін қарастыратын болсақ, онда операциялық байланыс жүйелерінің әрбір буыны соңғы пайдаланушыға көрсетілетін қызметтер спектрінің ұлғаюын қамтамасыз ететін жаңа технологиялық мүмкіндіктермен сипатталады. Атап өтетін болсақ, 1G аналогты ұялы байланыс технологиясы XX ғасырдың 80 жылдарынан бастау алады [3]. “Цифрлы” сөзін қолданып үйренген адам үшін аналогты ұялы байланыс тіркесі жабайы естілуі мүмкін, алайда бірінші буын (1G) – аналогтық байланыс технологиясына жатады. Негізінен төмен жылдамдықтағы деректерді, әсіресе дауыстық байланыс үшін қолданылды.

Мобильді сигналдардың ең көп таралған түрлеріне мыналар жатады:

Сигналдардың ең баяу және ең ескі түрі 1991 жылдан бері қолданыстағы 2G ұялы байланыс технологиясы болып табылады[4]. Олар әдетте 900 МГц және 1800 МГц жиілік диапазонында жұмыс істейді және ашық жерде бірнеше шақырымға дейін созылады. Екінші буын (2G) ақпаратты берудің жаңа тәсілімен ерекшеленеді және дауыс пен деректерді қорғау үшін цифрлы технологияны қолданады.

3G мобильді сигналдары 2G сигналдарына қарағанда жылдамырақ және деректерді беру жылдамдығын арттырады. Үшінші буын (3G) байланыс технологиясын негізінен абоненттер мультимедиялық байланыс қызметтеріне қол жеткізу мақсатында және ұялы телефондардың ғаламдық Интернет желісіне қосылу құралы ретінде пайдаланады. Мысалы, дауыстық және бейне қоңыраулар, деректерді жүктеу, желідегі сайттарға кіру т.б.

Мобильді байланыстың төртінші буыны - бұл эволюциялық дамуды көрсетеді. Өткізу қабілеті жоғары (50 Мбит/с немесе одан да жоғары) бірнеше сымсыз желілер арқылы әлемдік роумингті қолдайтын кең жолақты байланыс желісі. Олар 3G сигналдарына қарағанда деректерді беру жылдамдығын одан да жоғары етеді және 800 МГц, 1800 МГц және 2600 МГц жиілік диапазонында жұмыс істейді.

Соңғы 5G буыны бұл жетілдірілген байланыс желісі. Белгілі бір деңгейден бастап бірыңғай стандарттарды біріктіру үшін желімен толық интеграциялану мүмкіндігі бар желі [5].

Қазіргі уақытта әлемде 2G, 3G және 4G стандарттары бар, бірақ барлық үш түрі барлық аймақтарда ұсынылмайды (1.1-кесте). Мобильді құрылғылар әрқашан ең жақсы әрі жылдам желіні таңдайды, бірақ әрбір мобильді құрылғылар байланыстың барлық түрлерін қолдамайды. Сонымен қатар, қазіргі уақытта көптеген мобильді провайдерлер белгілі бір келісімшарттар үшін тек 4G байланысын ұсынады.

1.1-кестеде жалпы ұялы байланыс стандарттары туралы және олардың диапазондары келтірілген.

Кесте 1.1– 2G – 4G стандарттары және диапазондары бойынша жалпы ақпарат

| Буын | Технология | Жылы | Максималды ақпарат беру жылдамдығы | Желінің максималды радиусы | Жұмыс жасау жиілігі | Артықшылығы |
|-------|------------|------|------------------------------------|----------------------------|---|--|
| 2G | D-AMPS | 1992 | 15 кбит/с дейін | 30 км дейін | 400-890 МГц | Аналогтық AMPS пен сәйкестігін сақтайтын сандық стандарт. |
| | GSM | 1992 | 9.6 кбит/с дейін | 120 км дейін | 824-894 МГц (GSM-850), 890-960 МГц (GSM-900), 1710-1880 МГц(GSM-1800), 1850-1990 МГц (GSM-1900) | Бірінші толық мобильді цифрлы стандарт. SMS жіберуге мүмкіндік берді. |
| 2.5G | GPRS | 1996 | 171.2 кбит/с дейін | 40 км дейін | GSM-ның барлық жиіліктері | Пакеттік деректерді жердегі телефон желілері арқылы емес, интернет - провайдердің шлюздері арқылы тікелей жіберуге мүмкіндік беретін GSM үстіндегі қондырма. |
| 2.75G | EDGE | 2003 | 474 кбит/с дейін | 4 км дейін | | |

кесте 1.1-жалғасы

| | | | | | | |
|-----------|-------|------|-----------------------------------|------------------|------------------|--|
| 3G | CDMA | 1995 | 500 Мбит/с (EV-DO Rev.D) дейін | 35 км дейін | 1250-2100 МГц | Арнайы код бойынша ағындарды бөлетін бірінші кең жолақты деректер жүйесі. Сәйкес келетін (WCDMA) немесе GSM (CDMA2000) сәйкес келмейтін бірнеше сипаттамалары бар. |
| | UMTS | 2004 | 7.2 Мбит/с дейін | 1.5 км дейін | 1885-2200 МГц | WCDMA әзірлемелерін қолдана отырып, GSM желілерімен сәйкестікті қамтамасыз ету үшін жасалған стандарт. |
| 3.5G | HSPA | 2006 | 14.4 Мбит/с дейін | 2 км дейін | Диапазон UMTS | Байланыс арнасын оңтайлы пайдалануды қамтамасыз ететін UMTS жүйесінің үстіндегі қондырма. |
| 3.75 G | HSPA+ | 2009 | 42.2 Мбит/с дейін | 2 км дейін | Диапазон UMTS | Жақсартылған HSPA жүйесі. 3G және 4G арасындағы өтпелі стандарт. |
| 4G | LTE | 2012 | 326.4 Мбит/с (LTE- A) дейін | 19.7 км дейін | 1400-2000 МГц | GSM-ның жалғасы, бірақ бірақ 2G және 3G стандарттарына сәйкес келмейді. |

4G және 5G сияқты жаңа буын мобильді желілерін енгізу мобильді сигналдарды айтарлықтай кеңейтті. Себебі, қоғам өмірінің әртүрлі

аспектілеріне әсер ете отырып, жаңа технологияларға мүмкіндіктер ашып жатыр. Технологиялық прогресс пен 5G желілерінің үздіксіз орналастыруының арқасында, болашақта байланыс пен инновацияның жаңа дәуірін ашатын сенімді байланыс сигналын күтуге болады.

1.2 4G байланыс технологиясының дамуы. LTE желілері

Мобильді байланыс технологиясы – адамдардың бір-бірімен алыс қашықтадан кедергі келтірмей байланысуына мүмкіндік берді. Әсіресе сымсыз байланыс түрі соңғы екі онжылдықта өте үлкен прогреске қол жеткізді.[6] Ең үздік стандартты желі және әлемдік роумингті қолдайтын кең жолақты 4G байланыс технологиясы 2010 жылдан бері қызмет етіп келе жатыр [7].

4G байланыс технологиясының дамуы жылдам және сенімді сымсыз байланыс қажеттілігіне байланысты болды. Бұл 3G және 2G сияқты алдыңғы сымсыз технологиялармен салыстырғанда айтарлықтай жақсарды. Сол себепті 4G желілері негізінен деректерді жоғары жылдамдықпен IP (Internet Protocol) форматында беру үшін пайдаланылады және Интернетке жылдам қол жеткізуге мүмкіндік береді. Себебі, бұл сымсыз байланыс желілері 800 МГц, 1800 МГц және 2600 МГц жиілік диапазонында жұмыс істейді. Алдыңғы буындармен салыстыра қарағанда GSM (2G) максималды жылдамдығы 240 кбит/с, ал 3G үшін 10 Мбит/с, ал 4G 100 Гбит/с жылдамдықпен ақпарат тарата алады. 4G технологиясының ерекшелігі қолданушының жүктеуіне 326,4 Мбит/с және жіберілуі 172,8 Мбит/с жылдамдықпен жүзеге асыруға мүмкіндік береді[8]. Жалпы айтқанда жылдам интернет пен бейне қоңырау шалуға және HD форматындағы видео және ойындар ойнауға болатын көптеген қызметтер көрсетеді.

Төртінші ұрпақ жүйелерінде ортақ арнаның қорына рұқсат технологиясы ретінде барлық мүмкін болатын арналарды бөлу түрлері қолданылады [10].

Кесте 1.2 – 4G желілерінде әртүрлі арнаны тарату әдістерінің сипаттамасы


| Әдіс | Сипаттамасы | Қолданылуы |
|-------|---|--|
| OFDMA | Қол жетімді жиілік диапазонын көптеген қосалқы тасымалдаушыларға бөлу | Өткізу қабілеті жоғары деректерді беру |
| TDMA | Қол жетімді арнаны уақытша ұяшықтарға бөлу | Қолданушылар арасындағы ресурстарды бөлу |
| CDMA | Бір арнада бірнеше қолданушылар үшін әртүрлі кодтарды пайдалану | Неғұрлым сенімді байланыс |

4G желілері бір жиілік диапазонында көптеген қолданушыларды басқару үшін OFDMA (Orthogonal Frequency Division Multiple Access) технологиясын пайдаланады [9].

OFDMA технологиясының негізгі артықшылығы: ол сигналды қабылдағанда сәулеленіп таралуымен шақырылатын кері әсерлермен күресуге мүмкіндік береді. Алайда, бұл технологияға бірқатар кемшіліктер де тән. Олардың негізгілері бұл технология жиілік бойынша синхрондауға өте сезімтал болып табылуында. Сонымен қатар генерациялауға ұшыраған OFDMA сигнал жоғары PAPR (Peak to Average Ratio)ға ие. Бұл өз кезегінде, қолданылып жатқан сигнал күшейткіші өзінің сипаттамаларының желілік емес аймақтарында жұмыс істеуіне де көрінеді. Сондықтан оның тиімділігі төмен болады, бұр шектеулі энергия қоры бар (мобильдік терминалдар) құрылғылар үлкен сын. Осыған байланысты LTE өрлеуші арнасында көптеген жетімді басқа технология – SC-FDMA (Single Carrier Frequency Division Multiple Access) қолданылады. [9]. SC-FDMA ның OFDMA-дан айырмашылығы SC-FDMA да PAPR ны төмендету үшін сигналдың қосымша өңдеуі қолданылатындығында болып табылады.


LTE желілері. Байланыс жүйесі бастапқыда жай дауыспен басталып, кейіннен деректер алмасумен, келесі бір 5 жылдықта мультимедиа, бейнеконференция және онлайн трансляцияға дейін жылдам дамыды. Себебі, технологияның қарқынды дамуы, қолданушылардың сұранысының жылдан – жылға өсуіне байланысты. Желі қолданушылардың сұраныстарын қанағаттандыру мақсатында, 2004 жылы Universal Mobile Telecommunication Unit (UMTS), Universal Terrestrial Radio Access Network (UTRAN) байланыс комитеттері 3-ші буын серіктестік жобасы (3GPP) аясында семинар ұйымдастырды [9]. Семинардағы басты мәселе жоғары жылдамдықты қолдайтын, физикалық деңгейдегі технологияны қолдану болатын. Бұл мәселені шешу барысында екі түрлі технология ұсынылды. Олар HSPA желісінде қолданылынған W-OFDM және радиоинтерфейстің жаңа технологиясы OFDM. Бірнеше тәжірибелерден соң Orthogonal Frequency-division Multiplexing технолоясы таңдалып алынды. Ол дуплексті жиілікті бөлу (FDD) режимінде де, дуплексті уақытша бөлу (TDD) режимінде де әртүрлі тасымалдаушы өткізу қабілеттілігін (1,4 - 20 МГц) қолдайды. 2008 жылдың соңында LTE жүйесінің функционалды және архитектуралық талаптарын қолдайтын, 3GPP Release 8 стандарттар нұсқасы бекітілді. Release 8 стандартында LTE (OFDMA негізіндегі әуе интерфейсі), SAE (жаңа негізгі IP- желі), EDGE эволюциясы, HSPA + жетілдірулері секілді маңызды ерекшеліктері болды [11]. Бірнеше жылдық зерттеулер арқасында деректерді беру жылдамдығы мен сапасы жоғары Long Term Evolution технологиясы әзірленді.

Әлем бойынша кең таралған LTE желілері деп айтуға болады. Себебі , оларды көптеген ұялы байланыс операторлары пайдаланады. Осыған орай соңғы 5 жылдағы зерттеулер бойынша, 2022 жылы әлемдегі LTE желілеріне қосылу санының болжамы 4.9 млрд –қажетті (1.1-сурет)[15].



1.1-сурет – LTE желілеріне қосылу санының өсуі

4G желілерінің құрылымы 2G және 3G технологияларымен салыстыра қарағанда, айтарлықтай біршама ерекшелігі бар (1.2-сурет). Себебі, коммутацияның және базалық станциялардың ішкі жүйесі өзгерістерге ұшырады. Сондықтан барлық ақпарат (дауыс, деректер) пакет түрінде беріледі. Осылайша қолданушы жабдықтары мен базалық станция арасында деректерді беру технологиясы өзгертілді.



1.2-сурет – 4G LTE стандартының жұмыс жасау принципі

4G LTE стандарт желісінің құрамдас бөліктерін ажыратуға болады:

User Equipment (UE) - қолданушы жабдықтары. Бұл ұялы телефондар, планшеттер, компьютерлер және т.б. сияқты байланыс мүмкіндіктерін орнатуға қабілетті кез келген құрылғы болуы мүмкін;

Evolved UMTS Terrestrial Radio Access Network (E-UTRAN)- жетілдірілген жерүсті радиоқабылдау UMTS желісі. Ол қолданушы жабдықтары мен EPC арасындағы радиобайланысты басқарады. LTE ұялы телефоны бір уақытта тек бір ұяшыққа немесе бір базалық станцияға қосыла алады. EBS (Evolved Base Station) орындайтын негізгі операциялар:

- LTE радио интерфейсінің аналогтық және цифрлық өңдеу функциялары LTE қолдайтын барлық құрылғыларға радио таратуды жіберу және қабылдау үшін қолданылады.

- Сигналдық хабарламалар мен командаларды жіберу арқылы төмен деңгейлі операцияларды өңдейді.

Evolved Packet Core (EPC) - ішкі және сыртқы пакеттік деректер желілерімен және IP мультимедиялық ішкі жүйесімен өзара әрекеттеседі. Ол келесі блоктардан тұрады:

- Home Subscriber Server (HSS)-барша орталық дерекқордағы желілік оператор абоненттері туралы жалпы ақпаратты қамтиды. HSS-бұл VLR, HLR, AUC-лердің бір құрылғыда біріккен түрін ұсынады;

- Mobility Management Entity (MME) – мобильділікті басқару нысаны. Хабарламалар мен HSS көмегімен жоғары деңгейлі операцияларды өңдейді;

- Serving SAE Gateway немесе жәй ғана Serving Gateway (SGW) – LTE желісіне қызмет көрсету шлюзі. Базалық станциялардың ішкі жүйесіне келіп түсетін немесе жүйесінен берілетін пакеттік деректерді өңдеуге және бағыттауға арналған. Негізінен UMTS желісінің MSC, MGW және SGSN ауыстырады. SGW оператордың екінші және үшінші буын желілерінің операторларымен тікелей байланысқа ие, яғни бұл қамту аймағының нашарлауы немесе шамадан тыс жүктеме және т. б. себептер бойынша тарату кезіндегі қосылуды жеңілдетеді;

- Public Data Network (PDN) SAE Gateway немесе PDN Gateway (PGW) – басқа желі операторларына басқа желі операторына арналған шлюз. Егер ақпарат (дауыс, деректер) берілген желі операторларына берілсе немесе келіп түссе, онда олар PGW арқылы маршрутталады;

- Policy and Charging Rules Function (PCRF) – абоненттерге көрсетілген қызмет үшін төлемін көрсететін торап.

1.3 4G сигналдарының артықшылықтары

Қазіргі уақытта адамдар мобильді Интернеттің жоғары жылдамдығына үйренді. Себебі, заманауи жаңа технологияларды алдыңғы технологиямен салыстырғанда біршама жетілдірілген яғни, кемшіліктері де азайғанын байқауға болады. Мысалы 4G байланыс желісінің ең айқын артықшылығы-

оның таңғажайып жылдамдығы болып саналады. Өткізу қабілеттілігінің жоғары болуына байланысты деректерді тарату жылдамдығының тиімді болуына әкеледі. Бұл әсіресе ұялы құрылғылар үшін тиімді. Сол сияқты қолданыстағы 4G байланыс технологиясының алдыңғы буындармен салыстырғанда ең жылдам екеніне келесі деректерден көз жеткізе аламыз:

- Қосылымды орнату кезінде немесе деректерді беру кезінде кедергілер азаяды;
- Қоладанушылар деректерінің өткізу қабілеті жоғары яғни, 4G желілері бір уақытта бірнеше қолданушыларға жоғары жылдамдықта қызмет көрсете алады;
- Ұяшық шекарасы бойынша деректерді жіберу жылдамдығы жоғары;
- Спектрлік тиімділіктің жоғарлуына байланысты биттің шығындары минимизацияланған;
- Желілік архитектура жеңілдетілген;
- Мобильді құрылғылардың қуат тұтынуы салыстырмалы түрде тұрақтандырылған;
- Жабдықтың шығындарын азайтты, себебі қабылдағышта қолданылатын қымбат жиілік эквалайзері қоладнылмады;
- Кешендік қауіпсіздік қызметтерін ұсынады. Мысалы, 4G желілері Wi-Fi желілеріне қарағанда толық құпиялылықты және қауіпсіздікті қамтамасыз етеді. Бұл әсіресе корпоративті мекемелерге, іскер адамдарға және құрылғыда құпия ақпаратты сақтай алатындарға пайдалы болып саналады;
- Дауыс сапасы жақсартылды. 4G технологиясы IP желісі арқылы жоғары сапалы дауыстық қоңыраулар жасауға мүмкіндік берді. Себебі, айқынырақ және табиғи дауыстық байланысты қамтамасыз ететін Voice over LTE (VoLTE) технологиясын қолданады [22];
- Қамту аймағы кеңейтілді. 4G желілері орналастырылған кезде, әсіресе ауылдық және аз қамтылған аудандарда қамтудың айтарлықтай кеңеюі байқалды. 4G желісінің базалық станциялары алдыңғы буындармен салыстырғанда, үлкен қашықтықты қамтамасыз етеді [23].

Жоғарыда айтылғандай, 4G байланыс желілерінің артықшылықтары қолжетімді технология екенін дәлелдейді. Бұл артықшылықтар мобильді технология мен инфрақұрылымдағы жетістіктердің арқасында пайда болды. Сондықтан, бұл өзгеріс қолданушыларға желіге кедергісіз қосылуға және мобильді байланысты пайдалануға мүмкіндік береді.

Жалпы 4G байланыс технологиясының 3G технологиясымен салыстырғандағы айырмашылығын 1.3-кестеден көруге болады.

Төртінші буын желілері мен алдыңғы желілерден басты айырмашылығы- 4G технологиясы толығымен пакеттік деректер протоколдарына негізделген болып табылады. Ал 3G технологиясы пакеттік коммутацияны да, арналық коммутацияны да біріктіреді.

Кесте 1.3 – 3G және 4G технологияларының айырмашылықтары[12]

| Параметрлер | 3G технологиясы | 4G технологиясы |
|------------------------------|--|--|
| Деректерді тарату жылдамдығы | 2 Мбит/с - 21 Мбит/с | 2 Мбит/с - 21 Мбит/с |
| Ең жоғары жүктеу жылдамдығы | 5 Мбит/с | 500 Мбит/с |
| Ең жоғары өткізу жылдамдығы | 21 Мбит/с | 1 Гбит/с |
| Деректерді беру техникасы | Пакеттік коммутация | Пакеттік және хабарламаламалық коммутация |
| Стандарттар | IMT 2000 3,5 Гбит/с HSDPA 3,75 Гбит/с HSUPA | Wimax LTE |
| Технологиялық стек | CDMA 2000, UMTS, EDGE және т. б. сандық кең жолақты деректер пакеті. | Wimax2 және LTE Advanced сандық кең жолақты деректер пакеті. |
| Жиілік диапазондары | 1,8–2,5 ГГц | 2–8 ГГц |
| Желілік архитектура | Кең аймақпен ұялы байланыс негізінде | Сымсыз жергілікті желі мен ғаламдық желіні біріктіру |
| Қателерді тікелей түзету | 3G қателерді түзету үшін турбокодтарды пайдаланады. | Құрама кодтар 4G қателерін түзету үшін қолданылады |
| Сигнал жіберілуі | Горизонтальді | Горизонтальді, вертикальді |

2 Сигнал басқыш құрылғылар


2.1 Телекоммуникациялық сигналды басатын құрылғыларды талдау

Ең алғаш сигнал басқыш құрылғылар әскери байланыс мақсатында әзірленді. Командирлер радиожілік байланысын қатаң құпия тапсырмаларды жоспарланғанда және жаудың байланысын тоқтату үшін қоладанылды. Қазіргі уақытта ұялы байланыс қолданушыларының саны күннен-күнге артып келеді, сондықтан ұялы телефондарға кедергі жасайтын құрылғылар, белгілі бір жерлерде ұялы сигналдарды өшіруге арналған электронды құрылғылармен салыстырғанда азаматтық сипатқа ие болып жатыр.

Қазіргі уақытта сигналды басатын құрылғылар терроризмге қарсы күресте белсенді қолданылады. Мысалы, 2015 жылдың жазында Мәскеу метросының 294 тексеру аймағы осы құрылғылармен жабдықталған [13]. Құрылғылар бомба анықталған жағдайда радио сигналды өшіруге мүмкіндік береді. Лаңкестер көбінесе жарылғыш құрылғыны іске қосу үшін телефонды пайдаланады.


Сигналды басқыш -бұл белгілі бір жиілік диапазонында радио сигналдарды блоктайтын немесе әлсірететін құрылғы. Олар электронды құрылғыларға электромагниттік әсердің алдын алу және байланыстың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қолданылады. Қолданыстағы кез-келген GSM немесе Wi-Fi сигналдарын басуға болады.

Мобильді дыбыс өшіргіштің құрылымдық схемасы негізінен қуат көзін, IF бөлімін және антеннасы бар радиожілік RF бөлімін қамтиды (2.1-сурет).



2.1-сурет – Мобильді сигнал басқыштың блок - схемасы

Қуат көзі (Power Supply) –сигнал басқыш құрылғының барлық элементтерін қуатпен қамтамасыз ету үшін қолданылады. Қуат көзінің негізгі схемасы келесі бөліктерден тұрады(2.2-сурет).



2.2-сурет – Қуат көзі блогының схемасы

Трансформатор – бұл 220 В айнымалы токты басқа кернеу деңгейлеріне түрлендіру үшін қолданылады (жоғарылайды және төмендетеді).

Түзеткіш – айнымалы ток кернеуін тұрақты ток кернеуіне түрлендіру үшін қолданылады. Бұл процесті екі түрлі жолмен жасауға болады: екі толқынды және жартылай толқынды түзету.

Жартылай периодты түзету - бір жартылай периодты түзету кезінде кіріс сигналы оң циклге ие болуы керек. Сол себептен шығыс кернеуі пайда болады.

Толық толқынды түзету - түзетудің бұл түрінде кіріс сигналы оң және теріс циклдарда болуы керек. Сол себепті шығыс кернеуі пайда болады.

Сүзгі - тұрақты ток кернеуін қамтамасыз ету үшін, шу мен тербелістерді жою үшін екі толқынды түзеткіштің шығысында қолданылады.

Реттегіштер - қажетті тұрақты ток кернеуін қамтамасыз ету үшін қолданылады.


IF бөлімі (IF section) - бұл үшбұрышты немесе ара тісті толқындардың генераторы. Сигнал басқышты орнату бөлімі қажетті жиілік диапазонын пайдаланып, VCO-ны(voltage-controlled oscillator) реттейді. IF бөлімі негізгі үш бөлімге бөлінеді:

- Шу генераторы;
- Араластырғыш (миксер);
- Үшбұрышты толқын генераторы.

RF бөлімі (RF section with antenna) - радиожиілік бөлімі кедергіні жасау үшін мобильді құрылғының маңызды бөлігі болып табылады. Себебі, радиожиілік бөлімінің шығысы мобильді құрылғымен өзара әрекеттеседі. Радиожиілік бөлімінде үш негізгі бөлім бар:


- реттелетін кернеу генератор;
- қуат күшейткіш;
- антенна.

Кернеумен реттелетін генератор- бұл радиожиілік бөлімінде өте маңызды құрылғы болып саналды. Радиожиілік бөлімі ұялы телефондармен байланысатын радиожиілік сигналын шығарады. VCO-ның шығыс жиілігі кіріс кернеуіне тура пропорционал, сондықтан шығыс жиілігін кіріс кернеуі арқылы басқара аламыз. Егер кіріс кернеуі тұрақты болса, онда шығысы белгілі бір жиілік диапазонына ие болады[14].



2.3-сурет – Мобильді сигнал басқыштың жұмыс істеу принципі

Кедергі тудыратын құрылғылардың сигналы ұялы телефон байланысы жұмыс жасайтын радиожілікпен жұмыс жасайды. Ұялы мұнаралар қаланы шағын аудандарға немесе ұшықтарға бөледі. Ұялы телефон қолданушысы көшеде келе жатқанда, сигнал мұнарадан мұнараға беріледі. Сол себепті, олар іске қосылғанда, ұялы телефон мен базалық станциялар арасындағы байланысты бұзады, яғни бұл шабуыл түрі "қызмет көрсетуден бас тарту" деп аталады(2.3-сурет), [Осылайша сигнал басқыш құрылғылар ұялы телефон қолданушылардың радиожілік спектрін пайдалануға тыйым салады.



2.4-сурет – Сигнал басқышпен базалық станция арасындағы байланыс

Базалық станциялар ұялы байланыс желілерінің ажырамас бөлігі болып табылады. Олар мобильді құрылғылар (мысалы, смартфондар) мен негізгі желілік инфрақұрылым арасындағы байланысты қамтамасыз етуге жауапты болып есептеледі. Жалпы алатын болсақ, базалық станциялар дауыстық

қоңырауларды, мәтіндік хабарламаларды және деректерді беруді қамтамасыз ететін мобильді құрылғылармен байланыс орнату үшін сигналдарды жібереді және қабылдайды. Бұл екі құрылғылар арасындағы байланыс ұялы байланыс операторларына бөлінген лицензияланған жиілік жолақтарында жүзеге асырылады. Бұл жиілік диапазондары кедергілерді болдырмау және шектеулі радиожиілік спектрін тиімді пайдалануды қамтамасыз ету үшін мұқият реттеледі. Базалық станция мен ұялы сигналды сөндіргіш арасындағы байланыс әдетте бақылау немесе санкцияланған түрде жүзеге асырылмайды. Сигнал басқыштар-дауыстық қоңыраулар, мәтіндік хабарлар және деректерді беруді қоса алғанда, ұялы байланыс желілерінің қалыпты жұмысын бұзатын немесе бұғаттайтын заңсыз құрылғылар. Сол себепті сигнал басқыш құрылғылар базалық станциялардың мобильді құрылғылармен байланысуына кедергі жасайды(2.4-сурет).

Ұялы сигналды басатын құрылғының жұмыс принципі ұялы сигналдарды беру үшін қолданылатын белгілі бір жиіліктерде мобильді құрылғылар тарататын радио сигналдарды бұғаттау немесе әлсірету болып табылады. Ол үшін электромагниттік толқындар мен сигналдарға әсер ететін, оларды бұғаттайтын немесе әлсірететін арнайы құрылғылар қолданылады. Жалпы әр түрлі жиіліктерде жұмыс жасайтын желілерге сигнал басқыштың әсер етуін 2.1-кестеден көруге болады.

Кесте 2.1 – Әр түрлі жиіліктердегі сигнал басқыштың әсер етуі

| Жиіліктер | Жұмыс істеу |
|---------------------|-----------------|
| GSM (900/1800 МГц) | Жиіліктік ауысу |
| CDMA (800/1900 МГц) | Бұғаттау |
| 3G (UMTS/HSPA) | Бұғаттау |
| 4G (LTE) | Әлсірету |

Мобильді сигналды басудың жұмысын тексеруді жүзеге асыру үшін әртүрлі технологиялар қолданылады. Мысалы, GSM сигналдарын бұғаттау үшін жиіліктің ауысуы қолданылады. Себебі, сигнал жиілігінде популяция азаяды. Бұл мобильді құрылғының сигналды тани алмауына және байланысты қабылдай алмауына әкеледі.

CDMA және 3G сигналдарын өшіру үшін бастапқы деңгейдегі сигналдарды бұғаттауға негізделген басқа технологиялар қолданылады.

4G сигналдарын әлсірету үшін сигнал аз қуатпен сигнал жиілігінде анықталатын әлсірету технологиясы қолданылады.

2.2 Сигнал басқыш құралдардың диапазондары және қолдану аясы

Радиобайланыстағы сигналды басуға арналған құрылғыларды іскерлік келіссөздерде, кинотеатрларда және кез келген басқа жерлерде тыныштықты сақтауды қажет ететін жерлерде пайдалануға болады. Ірі қалалардағы мәдени мекемелердің әкімшіліктері қарапайым сигнал басқыш құрылғыларды жиі қолданады. Егер адам маңызды іс - шарада ұялы телефонды өшіруді ұмытып кетсе, онда GSM байланысының ұялы телефон сигналдарын басатын құрылғылар оған ұялы телефонды пайдалануға мүмкіндік бермейді.

Сигналды басуға мүмкіндік беретін құрылғылар GSM шпиондық құрылғысы арқылы жүзеге асырылатын тыңдаудың алдын алу үшін де қолданылады.

Сигнал басқыш құралдардың жұмыс жасау ауқымы және диапазоны олардың белгіленген мақсатына байланысты өзгереді.

Ұялы телефон сигналын басатын құрылғының жұмыс істейтін диапазондары:

- GSM 900 диапазоныда 925-тен 960 МГц-ке дейін;
- GSM 1800 диапазонында 1805-тен 1880 МГц-ке дейін;
- 3G диапазонында 2110-нан 2170 МГц-ке дейін;
- 4G WIMAX диапазонында жұмыс істегенде 2570-тен 2690 МГц-ке дейін;
- 4G LTE диапазонында 791-ден 820 МГц-ке дейін;
- CDMA диапазонында 850-ден 894 МГц-ке дейін, алайда 2010 жылдан бастап бұл диапазонды отандық операторлар пайдаланбайды;

Мұндай жоспардағы құрылғылар әдетте бір құрылғыда ұялы байланысты басуға арналған гаджеттермен біріктіріледі. Сымсыз камералардан ақпарат беру арналарын бұғаттау үшін қолданылады. Бұл ақпараттардың бұзылуынан сенімді қорғауды қамтамасыз етеді. Егер ғимаратта осындай бұғаттайтын құрылғылар қолданылса, онда камералардан басқа маршрутизаторлар мен басқа сымсыз құрылғылар, мысалы, компьютерлік тышқандар мен пернетақталар жұмыс істемейді. Сондай-ақ, қолданушылар деректерді Bluetooth арнасы арқылы жібере алмайды.

Wi-Fi/Bluetooth .

